

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығын жүзеге асыру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 24 сәуірдегі N 2236 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 18 маусымдағы N 829 Жарлығымен

Ескерту. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2009.06.18 N 829 Жарлығымен.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығын жүзеге асыру мақсатында қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті:

Қазақстан Республикасының заң актілерін "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығына сәйкестендіру туралы Қазақстан Республикасының Президентіне 1995 жылғы 1 маусымға дейін ұсыныс берсін.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдерін "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығына 1995 жылғы 1 шілдеге дейін сәйкестендірсін.

Қазақстан Республикасы министрліктерінің, мемлекеттік комитеттері мен ведомстволарының "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығына қайшы келетін нормативтік актілері мен нұсқамаларын қайта қарауын және күшін жоюын 1995 жылғы 1 шілдеге дейін қамтамасыз етсін.

2. Осы Қаулы жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

***Қазақстан Республикасының
Президенті***